



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№12 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2017 жылғы 10 мамыр

Алматы қ.

2017 жылғы бірінші тоқсанда ағымдағы шоттың тапшылығының қысқаруы байқалды – бағалау бойынша теріс сальдо 1,1 млрд. АҚШ долл. болды. Өткен тоқсанмен салыстырғанда тапшылық 2,6 есе (2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда – 9,3%-ға) қысқарды.

Әлемдік тауар нарықтарындағы бағаның оң серпіні және «Қашаған» кен орнындағы өндірісті іске қосу аясында тауарлар экспортынан кірістер және, тиісінше, шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері ұлғайды. Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда 2017 жылғы 1-тоқсанда бір баррель үшін 54,1 АҚШ долл. (2016 жылғы 1-тоқсанда орташа алғанда бір баррель үшін 34,4 АҚШ долл.) болды. Импорттың өсу қарқынынан басым тұрған тауарлар экспортының өсу қарқыны **сауда балансының** оң сальдосының 2016 жылғы 4-тоқсандағы 2,5 млрд. АҚШ долларынан бастап 4,1 млрд. АҚШ долларына дейін немесе 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,5 есе ұлғаюын қамтамасыз етті.

Тауарлар **экспорты** өткен тоқсанмен салыстырғанда 5,5%-ға ұлғайып, 11,0 млрд. АҚШ долл. болды. 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда экспорт 30%-ға дерлік немесе 2,5 млрд. АҚШ долларына өсті, бұл ретте мұнай және газ конденсаты экспортының құны 35,2%-ға, ал қара және түсті металдар - тиісінше 63,4%-ға және 24,2%-ға өсті.

Тауарлар **импорты** өткен тоқсанмен салыстырғанда 13,3%-ға төмендеп, 6,9 млрд. АҚШ долл. болды, бұған бір жағынан маусымдық фактор себепші болды. 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тауарлар импорты 19,1%-ға өсті, бұл ретте өсім негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша болды.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістерін төлеу 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,5 есе 3,6 млрд. АҚШ долларына дейін өскен, ал жалпы алғанда **инвестициялық кірістердің** теріс сальдосы 2017 жылғы 1-тоқсанда 3,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Шетелдік тікелей инвесторлар өз кірістерінің 40% астамын Қазақстандағы еншілес кәсіпорындарына қайта инвестициялады.

Қаржы шоты бойынша капиталдың таза әкелінуі (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады.

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады және қазақстандық кәсіпорындар капиталының ұлғаюына, сондай-ақ үлестес тұлғалардың алдындағы фирмааралық берешектің өсуіне байланысты болды.

Қаржы ресурстарының елден әкетілуі ҚР Ұлттық қорының және басқа да резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарымен шетелдік активтерінің өсуіне байланысты, сондай-ақ банктердің және банктік емес ұйымдардың ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелерін қысқартуы есебінен болды.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 29,7 млрд. АҚШ долларына бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортын 8,9 ай қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz